



СТАНДАРТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау жүйесі Мемлекеттік стандарттау мен техникалық шарттардың жобаларын Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігінің еңбекті қорғау органдарымен келісу тәртібі ПР РК 60.1.01-95 (Орнына РД 50-Ш-86)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі 1995 жылғы 31 қазан. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 25 желтоқсан N 138. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

К е л і с і л д і
Қазақстан Республикасының
стандарттау жөніндегі
Мемлекеттік комитеті орынбасары
Төрағасының орынбасары

26 қазан 1995 ж.

Б е к і т і л д і
Қазақстан Республикасы
Еңбек министрінің

31 қазан 1995 ж.

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрлігінің
еңбекті қорғау
Департаменті

1. Қолдану саласы

Стандарттау туралы осы ережелер өнімдердің оның ішінде жұмысшылардың жеке қорғаныш құралдарының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттары жобаларын Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің еңбекті қорғау органдарымен келісу тәртібін белгілейді.

Ережелер Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, холдинг және акционерлік концерндері мен ассоциациялары, кәсіпорындары, ұйымдары және бірлестіктері және өздерінің ведомстволық бағыныштылығына және меншік түріне қарамастан басқа шаруашылық субъектілері үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің еңбек қорғау Департаменті, оның қалалық, облыстық бөлімдері үшін міндетті.

Ережелер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен қорғаныс өндірісі Комитетінің тапсырысы бойынша жасалған өнімдер мен жеке қорғаныш құралдарының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарының жобаларын келісуге қолданылмайды.

2. Нормативтік сілтемелері

Осы ережелерде мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

СТ РК 1.2-95 "ГСС РК. Мемлекеттік стандартты жасау тәртібі"

СТ РК 1.3-93 "ГСС РК. Техникалық шарттарды жасау, келісу, бекіту және мемлекеттік тіркеу тәртібі".
П Р Р К 6 0 . 1 . 0 1 - 9 5

ГОСТ 15.001-88 "СС ПП. Өндірістік-техникалық мақсатта өнімдер".

ГОСТ 15.004-88 "СР ПП. Жеке сақтану құралдары".

ГОСТ 15.013-86 "СР ПП. Медициналық бұйымдар".

СТ РК 4.2-93 "СР ПП. Халық тұтынатын өндірістік емес тауарлар".

3. Жалпы ережелер

3.1. Еңбек қауіпсіздігі талаптарын қамтитын өнімдердің мемлекеттік стандарттары мен техникалық шараларының және жеке қорғаныш құралдарының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарының жобаларының соңғы редакциялары СТ РК 1.2-93, СТ РК 1.3-93, ГОСТ 15.001-88, ГОСТ 15.004-88, ГОСТ 15.013-86, СТ РК 4.2-93 стандарттарында және осы әдістемелік нұсқауларда белгіленген тәртіптер бойынша еңбекті қорғау Департаменті, оның қалалық және облыстық бөлімдерімен келісілу керек.

Еңбекті қорғау Департаментінің органдарымен келісуге жатпайтындар:

- азық-түлік тауарлар мен тұрмыстық химия тауарларының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шараларының жобалары;

- қауіпсіздік шарттары қамтылмаған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға өзгерістер жасау.

3.2. Өнімдердің (3.3. тармағында көрсетілгендерден басқа) мемлекеттік стандарттарының жобалары жұмыскерлердің және қорғаныш құралдарының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарының жобаларын осы жобалардың бірінші редакцияларына А және Ә қосымшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының мамандандыру жөніндегі институтының (ұйымының) пікірінің көшірмесін ұсына отырып, еңбекті қорғау Департаментімен келіседі.

3.3. Зиянды, өрт қауіптілігін тудыратын және радиобелсенді заттардың, материалдың, шикізаттардың, отындардың, жартылай фабрикаттардың мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарының жобалары тиісінше мыналармен келіседі:

- мемлекеттік стандарттар жобалары еңбекті қорғау Департаментімен;

- техникалық шарттардың жобалары осы өнімдердің негізгі тұтынушылары (тапсырыс берушілері) - кәсіпорындарды қамтитын облыстық және Алматы қалалық еңбекті қорғау басқармасымен;

3.4. Машина жасау саласының жана (жетілдірілген) өнімдерінің және ГОСТ 15.001-88 және ГОСТ 15.004-88, ГОСТ 15.013-86, СТ РК 4.2-93, бойынша қабылдау сынағына жататын басқа өнімдерінің техникалық шарттарының жобаларын келісу осы өнімдердің негізгі тұтынушылары (тапсырыс берушілері) - кәсіпорындарда қамтитын облыстардың, Алматы қаласының мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторының өнімдерді қабылдау актісіне қол қою арқылы жүзеге асырылады.

3.5. Егер өнімдерді өндіріске енгізу жөніндегі шешім, қабылдау комиссиясынсыз қабылданса, техникалық шарттардың жобалары осы өнімдердің негізгі тұтынушыларының (тапсырыс берушілерінің) және А.Ә. қосымшаларына сәйкес тиісті мамандандыру институттарының ұйымдарының пікірлерін ұсына отырып, еңбекті қорғау Департаментімен келісіледі.

3.6. Оқу орындарына арналған өнімдердің (станоктар, машиналар, жабдықтар, тренажорлар, оқу стенділері және т.б.) техникалық шарттарын мыналармен келіседі:

- салаарлық қолданылатын өнімдердің - еңбекті қорғау Департаментімен;
- салалық қолданылатын өнімдердің - облыстық және Алматы қалалық еңбекті қорғау басқармаларымен.

3.7. Тұрмыстық техника өнімдерінің техникалық шарт жобаларын осы өнімдерді жасаушылар - кәсіпорындарды қамтитын облыстық, Алматы қалалық еңбекті қорғау басқармаларымен келіседі.

3.8. Бекіту деңгейіне қарай еңбек қауіпсіздігін қамтитын өнімдердің стандарттары мен техникалық шарттарын өзгерту, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар келісілген еңбекті қорғау Департаментімен және облыстық, Алматы қалалық еңбекті қорғау басқармаларымен келісіледі.

А қ о с ы м ш а с ы

(анықтамалық)

Қазақстан Республикасының ғылыми-зерттеу институттарын (ҒЗИ) және басқа ұйымдарын мамандандыру

рет Стандарттардың, техникалық саны шарттарының жобалары		Институттардың (ұйымдардың) аттары
--	--	------------------------------------

1		2		3
---	--	---	--	---

1. Нормалардың, мүмкін деңгейлердің
(концентрациялардың), қорғану
тәсілдері мен бақылау әдістері:
 - жұмыс аймағы ауасының газдануы; Қазақстан Республикасының
Ұлттық Ғылымдар Академиясының
(ҰҒА) тау-кен істері Институты
 - шудың, дірілдің, Қазақтың еңбекті қорғау және
ультрадыбыстың; экология жөніндегі ғылыми
зерттеу институты (ҚЕҚ және
ЭҒЗИ)
 - жарықтандырудың және Қазақстан Республикасының
ультракүлгін радиациясының; Денсаулық сақтау министр.
лігінің институттары
 - температураның, ылғалдың, ҰҒА еңбек физиологиясы мен
қысымның, ауа қозғалысы гигиенасы институты
жылдамдылығының;
 - жұмыс аймағы ауасының ҰҒА тау-кен істері институты
шандануының; ҚазЕҚ және ЭҒЗИ
 - жүйке-психикалық зорығудың; Қазақстан Республикасы Ден.
саулық сақтау министрлігінің
институттары
 - биологиялық қауіпті және ҰҒА аймақтық тамақтану мәселе.
зиянды өндіріс факторларының; лерінің ғылыми орталығы
 - ионды және радиобелсенді Ұлттық ядролық орталықтың
сәуле таратудың; атомдық энергия институты
 - инфракүлгін радиацияның; Қазақстан Республикасы Ден.
саулық сақтау министрлігінің
институттары
 - электр тоғының; Қазақ энергетика ҒЗИ
 - электромагниттік сәуле
таратудың (өрістердің); - " -
 - электростатикалық зарядтардың; - " -
 - электр өрістерінің; - " -
2. Өндіріс жабдықтарының:
 - радиациялық - қорғаныс; Ұлттық ядролық орталықтың (ҰЯО)
атомдық энергетика институты
 - ультрадыбыстың және лазерлік; - " -

- қауіпті және зиянды өндіріс факторларын бақылайтын; институттары
- металды салқындай өңдеу үшін; университеті
- құю;
 - ҒЗИ (Өскемен қ.)
- гидро және пневможетеклен университеті
- пластмасты жасау және өңдеу үшін;
 - ҰҒА химия ғылымдары институты
- сұйықтар мен газдардың ауысуы үшін (насостар, желдеткіштер, калолиферлар, кондиционерлер, ауаурлегіштер және басқалар);
 - ауаны шаңнан тазарту үшін (циклондар, сүзгілер және басқалары);
- көтеру-көліктік;
 - ҰҒА тау-кен ісі институты, Қазақтың тау-кен өндірісіндегі қауіпсіздік жөніндегі ҒЗИ
- тау-кен өндірістік;
- электрондық есептеу;
 - ҰҒА информатика институты
- энергетикалық және электротех. никалық (генераторлар, двигательдер, трансформаторлар, электрмен дәнекерлеу аппараттары, электр құрал-саймандары, жарық-техникалық бұйымдар, стабилизаторлар, түрлендіргіштер және басқалары);
 - Қазақтың энергетика ҒЗИ
- тоқыма және жеңіл өнеркәсіп үшін;
 - ҰҒА химия ғылымдары институты "Легпром" ғылыми-зерттеу инженерлік орталығы" Акционерлік қоғамы (Легпром ҒЗИО)
- тамақ өнеркәсібі үшін;
 - Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсіптері технологиялық институты

- құрылыс материалдары өнеркәсібі Қазақтың жер сілкінісіне берік үшін; құрылыс-жобалау және архитек.

тура ҒЗИ (ҚазЖСБҚ және АҒЗИ)

- жұмыс өндірісінің қауіпсіздігін - " -

қамтамасыз ету үшін (сатылар, баспалдақтар, ағаштар, төсеніштер

және басқалары);

- жер жұмыстары үшін; - " -

- өрттің алдын алу және сөндіру үшін; ҰҒА химия ғылымдары институты Қазақстан Республикасы ИМ өрттен қорғау Бас басқармасының арнаулы ғылыми зерттеу

лабораториясы

3. Өндірістік процестердің:

- металдардың салқын өңделуінің, Қазақтың Ұлттық технологиялық ұста-қысымдық өңдеу; университеті

- металдарды соғу арқылы, штампы. - " - лаумен, қысыммен өңдеудің;

- құю арқылы; Қазақтың металлургия өндірісін дегі қауіпсіздік жөніндегі ҒЗИ

(Өскемен қаласы)

- металдарды жылу арқылы өңдеу; Қазақтың Ұлттық технологиялық университеті

- бояу және коррозияға қарсы ҰҒА органикалық катализ және жабудың; электрохимия институты

- жүк тиеу-түсіру және көліктің; ҰҒА тау-кен ісі институты

- электрмен дәнекерлеудің; Қазақтың энергетика ҒЗИ

- электр өлшеу жұмыстарының; - " -

- пластмасты жасау және өңдеудің; ҰҒА химия ғылымдарының институты

- ағаш өңдеудің; ҚазЖСБҚ және АҒЗИ

- құрылыс саласындағы; - " -

4. Құралдардың:

а) жұмыскерлердің және қорғануының:

- қолдарды қорғау үшін; Қазақ ЕҚ және ЭҒЗИ

- бетті қорғау үшін; - " -

- есту органын қорғау үшін; Қазақ ЕҚ және ЭҒЗИ, ҚР Ден. саулық сақтау министрлігінің

институттары

- көзді қорғау үшін; - " -
- теріден, тері алмастыру және "Легпром" ҒЗИО полимер материалдарынан жасалған арнаулы аяқ киім;
- демалу органдарын қорғау үшін; Қазақ ЕҚ және ЭҒЗИ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің институттары
- электр тоғынан зақымданудан Қазақ энергетика ҒЗИ қорғау үшін;
- статикалық электрден қорғану үшін; - " -
- электр магниттік сәуледен (өрістен) қорғану үшін; - " -
- басты қорғау және биіктен құлақанда қорғану үшін (сақтандыру және құтқару бедіктері, тізекалтар);
- арнаулы киімдерді; ҰҒА еңбек физиологиясы мен гигиенасы, ҰҒА химия ғылымдары институттары
- арнаулы киімдер дайындау үшін "Легпром" ҒЗИО, Денсаулық сақтау министрлігінің институттары

б) жеке және ұжымдық қорғаныс

- үшін:
- конвекциялық және сәулелі ҰҒА атомдық энергетика инсти. жылудың жоғарғы дәрежелерінен тұты, Қазақтың металлургия ұшқыннан және балқытылған өндірісіндегі қауіпсіздік металдардың шашырауынан. жөніндегі ҒЗИ (Өскемен қаласы)

Ә қосымшасы

Қазақстан Республикасының А қосымшасына енгізілген ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) мен ұйымдарының мекендері

рет	Институттың (ұйымның) аты	Мекен
с а н ы		

1	2	3
---	---	---

1. Ұлттық Ғылымдар Академиясының (ҰҒА) тау- 480046, Алматы қ.

- | | |
|--|---|
| кен істері институты | Абай даңғылы, 191 |
| 2. ҰҒА еңбектің физиологиясы мен гигиенасы институты | 470061, Қарағанды қ. Ленин көшесі, 71 |
| 3. ҰҒА аймақтық тамақтану мәселелерінің ғылыми орталығы | 480003, Алматы қ. Клочков көшесі, 67 |
| 4. ҰҒА химия ғылымдарының институты | 480010, Алматы қ. Ш.Уәлиханов көшесі, 106 |
| 5. ҰҒА информатика институты | 480021, Алматы қ. Пушкин көшесі, 125 |
| 6. ҰҒА органикалық катализ және электро-химия институты | 480100, Алматы қ. Қонаев көшесі, 142 |
| 7. Ұлттық ядролық орталықтың (ҰЯО) атомдық энергия институты | 480082, Алматы қ. Алатау п. |
| 8. Қазақтың Энергетика ҒЗИ | 480012, Алматы қ. А.Байтұрсынов көшесі, 85 |
| 9. Қазақстан Ұлттық технологиялық университеті | 480013, Алматы қ. Сәтпаев көшесі, 22 |
| 10. Қазақтың металлургия өндірісіндегі қауіпсіздік жөніндегі ҒЗИ | 492014, Өскемен қ. Промышленная көшесі, 1 |
| 11. Өндірістік экологияның Мемлекеттік ғылы. ми-өндірістік бірлестігі (Қазмеханөңдеу) | 480080, Алматы қ. Жандосов көшесі, 67 |
| 12. Қазақтың тау-кен өндірісіндегі қауіпсіздік жөніндегі ҒЗИ | 470061, Қарағанды қ. Алалыкин көшесі, 12 |
| 13. "Легпром" Ғылыми-техникалық инженерлік орталығы ("Легпром" ҒЗИО) Акционерлік | 480004, Алматы қ. Фурманов көшесі, 50 |
| қ о ғ а м ы | |
| 14. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсіптері технологиялық институтының Алматы филиалы (ЖЖТӨТИАФ) | 480012, Алматы қ. Төле би көшесі, 100 |
| 15. Қазақтың жер сілкінісіне берік құрылысты жобалау және архитектура ҒЗИ (ҚазЖСБҚ және | 480033, Алматы қ. Гагарин даңғылы, 135
А Ғ З И) |
| 16. Қазақстан Республикасы ПМ өрттен қорғау Бас басқармасының арнаулы ғылыми-зерттеу лабораториясы | 480060, Алматы қ. Гагарин даңғылы, 155 |
| 17. Қазақтың еңбекті қорғау және экология ҒЗИ (ҚазЕҚ және ЭҒЗИ) | 483144, Алматы облысы Қаскелең ауданы Мамыр селосы |
| 18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау | Мамандандыруда |

министрлігінің институттары

көрсетілген мәселелер
жөнінде Денсаулық сақтау
министрлігіне жолығу
к е р е к .
480003, Алматы қ.

Абылайхан даңғылы, 63

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК